

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



«EDU.E-HISTORY.KZ»

ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



№ 3(19) шілде-қыркүйек 2019
ISSN 2710-3994



Бас редактор:
Қабылдинов Зиябек Ермұқанұлы

Редакциялық алқа:

- Абашин Сергей Николаевич – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Санкт-Петербургтегі Европа университеті (Ресей)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – тарих ғылымдарының докторы, профессор, И. Арабаев атындағы Қызғыз мемлекеттік университетінің ректоры. (Қырғызстан)*
- Аяған Бүркітбай Ғелманұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары. (Қазақстан)*
- Әлімбаев Нұрсан – тарих ғылымдарының кандидаты, профессор, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік музейінің директоры. (Қазақстан)*
- Әбусейтова Меруерт Қуатқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Р. Сүлейменов атындағы Шығыстану институтының «Тарихи материалдарды зерттеу» орталығының директоры. (Қазақстан)*
- Әбіл Еркін Аманжолұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының директоры. (Қазақстан)*
- Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Миссисипи өңірлік мемлекеттік университеті (Mississippi Valley State University) (АҚШ)*
- Кәрібаев Берекет Бақытжанұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, «Қазақстан тарихы» кафедрасының меңгерушісі. (Қазақстан)*
- Қожамжарова Дария Пернешқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – саясаттану ғылымдарының докторы, профессор, Фудан Университетінің Қытай және Орталық Азияны зерттеу орталығының мен «Астана» ХҒК бірлескен директоры (Қазақстан)*
- Козодой Виктор Иванович – тарих ғылымдарының докторы, профессор. (Ресей)*
- Көкебаева Гүлжауһар Какенқызы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты (Қазақстан)*
- Көмеков Болат Ешмұхамедұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті Халықаралық қытшақтану институтының директоры, Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Қазақстан)*
- Матыжанов Кенжехан Ісләмжанұлы – филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА корр.-мүшесі, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының директоры. (Қазақстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания)*
- Муртазаева Рахборхон Хамидқызы – тарих ғылымдарының докторы, Мирзо Ұлықбек атындағы Өзбекстан ұлттық университеті «Өзбекстан тарихы» кафедрасының профессоры. (Өзбекстан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – PhD доктор, Гданьск қаласындағы Екінші дүниежүзілік соғыс мұражайының ғылыми қызметкері. (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvy Rimantas) – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Вильнюс педагогикалық университеті (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашұлы – археолог, тарих ғылымдарының докторы, профессор, Герман археология институтының корр.-мүшесі. ҚР БҒМ ҒК Ә. Марғұлан атындағы Археология институты. (Қазақстан)*
- Сайлан Болат Санабайұлы – тарих ғылымдарының докторы, Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті. (Қазақстан)*
- Смағұлов Оразақ Смағұлұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, Балон ғылым академиясының корр.-мүшесі, Ш.Ш. Уәлиханов атындағы сыйлықтың лауреаты, ғылым мен техниканың еңбек сіңірген қайраткері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің профессоры. (Нұр-Сұлтан, Қазақстан)*
- Сыдықов Ерлан Бәттайұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ректоры. (Қазақстан)*
- Таймағамбетов Жәкен Қожахметұлы – тарих ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі, ҚР Ұлттық музейі. (Қазақстан)*

Жауапты редактор:
Қаипбаева Айнагүл Толғанбайқызы

Ғылыми редактор:
Қозыбаева Махаббат Мәлікқызы

Редактор:
Кубеев Рустем Жаулыбайұлы

Жауапты хатшы:
Қоңқабаева Арайлым

Техникалық хатшы:
Хумарзах Алтынбек

Главный редактор:
Кабульдинов Зиябек Ермуханович

Редакционная коллегия:

- Абашин Сергей Николаевич – доктор исторических наук, профессор, Европейский университет в Санкт-Петербурге (Россия)*
- Абдырахманов Толобек Абылович – доктор исторических наук, профессор, ректор Кыргызского государственного университета им. И. Арабаева (Кыргызстан)*
- Алимбай Нурсан – кандидат исторических наук, профессор, директор Центрального государственного музея Республики Казахстан (Казахстан)*
- Абусеитова Меруерт Хуатовна – доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Республиканского центра по изучению исторических материалов Института востоковедения имени Р.Б. Сулейменова (Казахстан)*
- Абиль Еркин Аманжолович – доктор исторических наук, профессор, директор Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Аяган Буркитбай Гелманович – доктор исторических наук, профессор, заместитель директора Института истории государства КН МОН РК (Казахстан)*
- Голден Кэтти Стромайл (Kathie Stromile Golden) – PhD, Государственный университет долины Миссисипи (Mississippi Valley State University) (США)*
- Исмагулов Оразак Исмагулович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, член-корр. Болонской академии наук, лауреат премии им. Ч.Ч. Валиханова, заслуженный деятель науки и техники, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (г. Нур-Султан, Казахстан)*
- Карибаев Берекет Бахытжанович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, заведующий кафедрой истории Казахстана, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Кожамжарова Дария Пернешовна – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Южно-Казахстанского университета им. М.Ауэзова (Казахстан)*
- Кожирова Светлана Басиевна – доктор политических наук, профессор, содиректор Центра исследования Китая и Центральной Азии Фуданьского Университета и МНК «Астана», руководитель Центра китайских и азиатских исследований (Казахстан)*
- Козодой Виктор Иванович – доктор исторических наук, профессор (Россия)*
- Кокебаева Гульжаухар Какеновна – доктор исторических наук, профессор, главный научный сотрудник Института истории и этнологии им. Ч.Ч.Валиханова КН МОН РК (Казахстан)*
- Кумеков Болат Ешимхамбетович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, директор Международного института кипчаковедения Казахского национального университета имени аль-Фараби, профессор Евразийского национального университета имени Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Матыжанов Кенжехан Слямжанович – доктор филологических наук, профессор, чл.-корр. НАН РК, директор Института литературы и искусства им. М. Ауэзова (Казахстан)*
- Моррисон Александр (Morrison Alexander) – PhD, профессор Оксфордского университета (Великобритания) Муртазаева Рахборхон Хамидовна – доктор исторических наук, профессор кафедры «Истории Узбекистана» Национального университета Узбекистана имени Мирзо Улугбека. (Узбекистан)*
- Панто Дмитрий (Panto Dmitri) – доктор PhD, профессор, главный специалист научного отдела Музея Второй мировой войны г. Годаньска (Польша)*
- Римантас Желвис (Želvyys Rimantas) – доктор педагогических наук, профессор, Вильнюсский педагогический университет (Литва)*
- Самашев Зайнолла Самашевич – археолог, доктор исторических наук, профессор, чл.-корр. Германского археологического института. Институт археологии им. А.Маргулана КН МОН РК (Казахстан)*
- Сайлан Болат Санабаевич – доктор исторических наук, Казахский национальный университет им. аль-Фараби (Казахстан)*
- Сыдыков Ерлан Батташевич – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, ректор Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева (Казахстан)*
- Таймагамбетов Жакен Кожажметович – доктор исторических наук, профессор, академик НАН РК, Национальный музей РК (Казахстан)*

Ответственный редактор:
Каипбаева Айнагуль Толганбаевна

Научный редактор:
Козыбаева Махаббат Маликовна

Редактор:
Кубеев Рустем Джаулыбайулы

Ответственный секретарь:
Конкабаева Арайлым Нурболатовна

Технический секретарь:
Хумарзах Алтынбек

Editor-In-Chief:

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

Members of editorial board:

Abashin Sergei Nikolaevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, European University at St. Petersburg (Russia)
Abdyrakhmanov Tolobek Abylovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Rector of I. Arabaev Kyrgyz State University (Kyrgyzstan)

Alimbay Nursan – Candidate of Historical Sciences, Professor, Director of the Central State Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Abusseitova Meruert Khuatovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of the Republican Center for the Study of Historical Materials at R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies (Kazakhstan)

Abil Yerkin Amanzholovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Ayagan Burkhitbai Gelmanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Deputy Director of the Institute of History of the State CS MES RK (Kazakhstan)

Golden Kathie Stromile – PhD, Mississippi Valley State University (USA)

Ismagulov Orazak Ismagulovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Corresponding Member of Bologna Academy of Sciences, winner of Ch.Ch. Valikhanov Award, Honored Worker of Science and Technology, Professor of L.N. Gumilyov University (Kazakhstan)

Karibayev Bereket Bakhytzhonovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Head of the Department of History of Kazakhstan, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Kozhamzharova Daria Perneshovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the NAS of the Republic of Kazakhstan, rector of the M. Auezov South Kazakhstan University (Kazakhstan)

Kozhirova Svetlana Bassieva – Doctor of Political Science, Professor, Co-Director of the Center for the Study of China and Central Asia of Fudan University and the International Scientific Complex of the National Company "Astana", Head of the Center for Chinese and Asian Studies (Kazakhstan)

Kozodoi Viktor Ivanovich – Doctor of Historical Sciences, Professor (Russia)

Kokebayeva Gulzhaukhar Kakenovna – Doctor of Historical Sciences, Professor, chief researcher at Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology CS MES RK (Kazakhstan)

Kumekov Bolat Eshmukhambetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Director of the International Institute of Kipchak Studies of the Al-Farabi Kazakh National University, Professor at L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Matyghanov Kenzhekhan Slyamzhanovich – Doctor of Philology, Professor, Corresponding Member of the NAS RK, Director of M. Auezov Institute of Literature and Art (Kazakhstan)

Morrison Alexander – PhD, Professor, University of Oxford (UK)

Murtazayeva Rakhborkhon Khamidovna – doctor of Historical Sciences, Professor at the Department of «History of Uzbekistan» of Mirzo Ulugbek National University of Uzbekistan. (Uzbekistan)

Panto Dmitri – PhD, researcher at the Museum of the Second World War in Gdansk (Poland)

Rimantas Želvys – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Vilnius Pedagogical University (Lithuania)

Samashev Zainolla Samashevich – archaeologist, Doctor of Historical Sciences, Professor, Corresponding Member of German Archaeological Institute. A. Marghulan Institute of Archeology CS MES RK (Kazakhstan)

Sailan Bolat Sanabayevich – Doctor of Historical Sciences, Al-Farabi Kazakh National University (Kazakhstan)

Sydykov Erlan Battashevich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, Rector of L.N. Gumilyov Eurasian National University (Kazakhstan)

Taimagambetov Zhaken Kozhakhmetovich – Doctor of Historical Sciences, Professor, Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, National Museum of the Republic of Kazakhstan (Kazakhstan)

Executive Editor:

Kaipbayeva Ainagul Tolganbayevna

Scientific Editor:

Kozybayeva Makhabbat Malikovna

Editor:

Kubeyev Rustem Dzhaulybayevich

Executive Secretary

Konkabayeva Arailym Nurbolatovna

Technical secretary:

Khumarzak Altynbek

ӘОЖ 1(5)(091) "04/14":130.2

АХМЕД ЙҮГНЕКИДІҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ

Опабекова Г.П.

Р.Б. Сулейменов атындағы Шығыстану институты, кіші ғылыми қызметкер,
Қазақстан, Алматы қ.

Аңдатпа. Қоғам және оның мәдени жағдайы ғылыми-зерттеушілік процестерге бағынышты. Дарындылар шығармашылығы әлемдік мәдениеттің дамуы, жетістіктер шыңының әрбір тарихи прогресінің өлшемі болып табылады. Осы шығармашылықта барлық құнды және маңызды, адамзаттың ғылымдағы, өнердегі, тәжірибелік қызметтегі жетістіктері көрініс табады. Олардың идеялары, өнер туындылары, шығармалары, азаматтардың ұмтылыстарын білу арқылы, біз олардың сол дәуірдегі дүниетанымын танимыз. Өз дәуірінің танымал тұлғалары қалыптастырған шығармашылық еңбектері өзі өмір сүрген кезеңнің бейнесін береді. Ахмед Йүгнеки – өз дәуірінің ғылыми мәдениетіне тән ойы бар жоғарғы дәрежедегі интеллектуал ойшыл. Өз ортасының білімпазы есебінде ол «Әдиб Ахмед» деген атақты да иеленеді. Өзінің «Ақиқат сыйы» дастанымен даңқы жайылған ол ертедегі түркі поэзиясының көрнекті өкілі сипатында әлемдік әдебиет жұртшылығына өте таныс. Жалпы «Ақиқат сыйы» дастанының негізгі мазмұны өсиет пен ғибрат сөздерден құралғандығы баршамызға белгілі. Өткен кезеңнің мол мұрасы бүгінгі қоғам үшін үлкен табыс деп атауымызға болады. Оның өмірі мен шығармашылығы жөнінде түркі, орыс, қазақ, өзбек ғалымдары арнаулы зерттеулер жазған. Осы зерттеулер нәтижесінде қазіргі таңда да, келешекте де Ахмед Йүгнеки мұраларымен танысып, кең дәрежеде пайдалана аламыз.

Түйін сөздер: тарих, білім, дін, философия, ақиқат, дүниетаным

МИРОВОЗЗРЕНИЕ АХМЕДА ЙҮГНЕКИ

Опабекова Г.П.

Младший научный сотрудник, Институт востоковедения им. Р.Б. Сулейменова,
г. Алматы, Казахстан

Аннотация. Общество и его культурное положение зависят от научно-исследовательских процессов. Творчество мудрецов является мерилем развития мировой культуры, исторического прогресса и вершин всех триумфов. В этом творчестве проявляются все самые ценные и важные достижения, успехи человечества в науке, искусстве и практической работе. Знакомясь с идеями, произведениями искусства, сочинениями умнейших, понимания человеческие стремления мы начинаем иметь представление об их мировоззрении, соответствующим тому времени. Творческие труды, составленные известными личностями своего столетия, отражают реалии конкретного отрезка в истории, в котором эти личности и жили.

Ахмед Йүгнеки – мыслитель и интеллектуал высшей степени, чья мудрость соответствовала научной культуре того века. В качестве эрудита в своих кругах он удостоился звания «Адиб Ахмеда». Громко прославившийся своим эпосом «Дар истины» он весьма известен и среди мирового литературного сообщества наших дней, как яркий представитель древнетюркской поэзии. В целом, ни для кого не секрет, что основная мысль «Дара истины» заключается в словах назидания. Большое наследие прошлого можно назвать ценным приобретением для современного общества. О его жизни и творчестве исследовательские работы писали тюркские, русские,

казахские и узбекские ученые. На основе этих работ и в настоящем, и в будущем мы можем ознакомиться с достоянием Ахмеда Иугнеки и использовать его всесторонне.

Ключевые слова: Истина, мировоззрение, образование, философия, религия, история.

THE WORLD OUTLOOK OF AHMED IUGNEKI

Orabekova G.P.

R.B. Suleimenov Institute of Oriental Studies, Junior researcher. Almaty, Kazakhstan.

Abstract. Society and its cultural situation depend on scientific research processes. Works of sages is a measure of the development of world culture, historical progress and the peak of all triumphs. All the most valuable and important achievements and successes of mankind in science, art and practical work are manifested in this work. By getting acquainted with the ideas, artworks, composed texts of the most intelligent, and by understanding human aspirations we begin to have an idea about their worldview, corresponding to that time. Works, compiled by famous individuals of the given century, reflect the realia of a particular period in the history in which these personalities lived.

Ahmed Iugneki is a supreme thinker and intellectual whose wisdom corresponded to the scientific culture of his century. As the best and brightest mind in his circles, he was awarded the title of "Adib Ahmed". Well known by his epos "The Gift of Truth", he is pretty famous today in the universal literary community as a finest representative of an ancient Turkic poetry. In general, it is not a secret to anyone that the main idea of the "Gift of Truth" lies in the words of edification and enlightenment. A huge legacy of the past can be called a valuable trophy for a modern society. Turkic, Russian, Kazakh and Uzbek scientists made numerous researches about his life and works. On the basis of these works, both in the present and in the future, we can familiarize ourselves with the legacy of Ahmed Iugneki and use it extensively.

Keywords: Truth, world outlook, education, philosophy, religion, history.

Кіріспе

Еліміздің сан ғасырлық тарихында өзіндік орны бар кезеңге орта ғасырлық түркілік мәдениетті жатқызамыз. Зерттеушілердің пікірінше халқымыздың даналығын білдіретін ірі тарихи тұлғаларды зерделеу қазіргі ұрпақтың, гуманитарлық ғылымдардың қасиетті парыздарының қатарына жатады деген сенімде. Осы тұрғыдан алғанда ғасырлар қатпарларындағы жасырынған рухани мұралар көптеп саналады. Түркілік дәуірдің ірі тұлғасы Ахмед Йүгнекиді солардың қатарына жатқызуға болады. Оның дүниетанымын, философиялық ой-тұжырымға толы көзқарасын тарихи-философиялық сараптаудан өткізудің маңыздылығы зор. Осы маңыздылықты ескере отырып жасалған және жасалып жатқан жұмыстар аз емес. Диссертациялық жұмыстар, кітаптар жазылып, жобалар бойынша зерттеулер жүргізіліп жатыр. Бұл мақаламызда ҚР БҒМ Ғылым комитеті Философия, саясаттану және дінтану институтының Ғылыми кеңесі баспаға ұсынған «Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) Қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір» атты кітапта [1], ф.ғ.к. С. Аймұратовтың ғылыми-зерттеу жұмысында [2], М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты дайындап шығарған «Әдеби жәдігерлер» VI томында [3] А. Йүгнекидің дүниетанымы мен діни-философиялық ойларына жасалған тұжырымдарды қарастырамыз.

Ислам мәдениеті өзінің таралуы кезеңінде, әртүрлі дүниетанымдық қабаттардағы халықтардың құндылықтары арқылы біртұтас ислам өркениеті ретінде қуатты даму және жаңғыру сатысына көтерілді. Өзіндік ерекшеліктерге ие дәстүрлі түркілік дүниетаным

эмбебаптық ислам өркениетінің қалыптасуының құралы ретінде қалып қоймай, ислам діні негізінде жаңаша түлеп, рухани бірлік деңгейінде өзіндік түрік-ислам мәдениеті мен өркениеті көкжиегінде көтеріле білді. Түрік-ислам мәдениеті мен өркениеті XI-XII ғасырларда Қарахан мемлекеті кезіндегі түрік тілінде жазылған еңбектер арқылы өз болмысын таныта бастады.

Түркілік философияда терең дүниетанымдық түсініктер қалыптасып адам тіршілігінің философиясы, этика мен эстетикасы дамыды. Түркі әлемінің орта ғасырлардағы ойшылдары қатарында Ахмед Йүгнекидің өзіндік ерекше орны бар. XII ғасырда Қарахан мемлекетінің саяси-қоғамдық философиясының моральдық-адамгершілік қағидаларын, түркі тілінің байлығын, әдет-ғұрыптарын поэтикалық түрде дамытқан ғұлама-ақын. Түркілік философиялық ой дамуының исламдық кезеңінің ірі тұлғасы Ахмед Йүгнекидің шығармашылығынан әзірге біздерге белгілісі «Ғибат-ул-хақайқ» («Ақиқат сыйы») атты еңбегі.

Ахмед Йүгнекидің «Ғибат-ул-хақайқ» (Ақиқат сыйы) түпнұсқасы біздің заманымызға дейін жетпей жоғалып кеткен. Оның XIV-XV ғасырларда жасалған үш түрлі көшірмесі және үш түрлі үзінділері бар. Ең ескі нұсқасы 1444 жылы Самарқанда Арыслан Қожа Тархан Әмірдің қалауымен жазу өнерінің шебері (каллиграф) Зейнүл Әбідін бин Сұлтан Бақыт Журжани Құсайын көшіріп жазған нұсқа. 508 жол өлең. Ол көне ұйғыр жазуымен жазылған, арасында араб жазуымен берілген жолдар да бар: тақырыптар, аяттар, хадистер.

Одан кейінгі екінші нұсқасы 1480 ж. Шайықзада Әбдіразақ Стамбулда көшіріп жазған нұсқа, ұйғыр және араб жазуымен жазылған. 506 жол өлең. Жол-жолдың арасында парсыша, тәжікше жазылған түсініктемелер бар.

Енді бір нұсқа XIV ғасырдың аяғында не XV ғасырлардың басында араб жазуымен көшірілген. 496+28 жол өлең. Осы үш нұсқаның барлығы дерлік Түркия Республикасы Стамбул қаласының Сулеймание кітапханасы Ая-София қазына қорында және Топ-Капы музейінің кітапханасында сақтаулы тұр.

Талқылау

Ахмед Йүгнекидің мұрасының әр қилы нұсқалары, атап айтқанда бірінші және екінші нұсқасы әр жерде көптен бері зерттеліп келеді. Мысалы, 1915 жылы түрік тілінде Стамбул қаласында жарық көрген Неджиб Асим Балхассаноғлуның «Хибат-ал-хақайқ» кітабы, Р.Р. Араттың Едиб Ахмед б. Махмуд Йукнеки «Атебетү-л-хақайқ» атты 1951 жылы Стамбулда түрік тілінде жарық көрген кітаптары дәлел. Ресейде В.В. Радлов, Польшада Т. Ковальский, Францияда Ж. Дени т.б.. Түпнұсқаның үш нұсқасын өзара салыстырып, жалпы текст жасауда Р.Р. Араттың жоғарыда аталған еңбегі ерекше.

Ахмед Йүгнекидің шығармасын тюрколог ғалымдарының да еңбектерінен көруге болады. Атап айтқанда, 1939 жылы жарық көрген Е.Э. Бертельстің Литература народов Средней Азии [4] және Хибат-ал-хақайқ Ахмада Югнаки (1945 ж.) [5]; С.Е. Малов. Памятники древнетюркской письменности [6]; Э.Н. Наджип. Тюркоязычный памятник XIV века «Гулистан» Сейфа Сараи и его язык [7]; А.М. Щербак. Грамматический очерк языка тюркских текстов X-XIII вв. из Восточного Туркестана [8] атты еңбектерінің маңызы өте жоғары.

Өзбек ғалымдарының еңбектерін де атап кеткен жөн, оның ішінде Н.М. Маллаевтың «Ахмад Югнакий» кітабы [9], С. Муталлибовтың 1972 жылы Ташкентте жарық көрген «Хибатул-хақойик» еңбегі [10]. Дастанды зерттеумен арнайы шұғылданған өзбек ғалымы – К. Махмудов. Ол «Ақиқат сыйының» тілі жайында монография жазып, кандидаттық диссертация қорғады. Текстті араб жазуымен транскрипциялап, өзбек тіліне жолма-жол аударып берген [11].

Ахмед Йүгнеки сияқты даналардың ізгілікті іліміне назар аударылып, оны зерттеу нысанына айналдыруға мүмкіндіктердің бар болуы – бір жағынан, қазіргі кезеңдегі еліміздің тәуелсіздігінің нығайып келе жатқанының көрінісі болса, екінші жағынан, ғұламаның дүниетанымына ғылыми

дәлдікпен баға беру, түсіндірмелер жасау ғылыми ізденістер тұрғысынан алғанда үлкен жауапкершілікті қажет ететіні түсінікті. Ал, енді Кеңестік тарихи кезеңде көптеген мәселелер, тарихи тұлғалардың философиялық көзқарасы таптық тұрғыдан қарастырылды дегенмен де түркілік дүниені айшықтайтын біршама ірі тұлғалардың есімі белгілі бола бастаған еді [1, 5 б.]. Мәселен, Ахмед Йүгнекидің «Ақиқат сыйы» атты тарихи еңбегі 1985 жылы Ә. Құрышжанов пен Б. Сағындықовтардың дайындалуларымен қазақ тілінде жарық көрді [12].

Ахмед Йүгнекидің дүниетанымының ерекшеліктеріне алғашқы болып философиялық пайымдаулар жасаған авторлардың қатарына М.С. Орынбеков [13] пен Ж.Ж. Молдабеков [14] сияқты қазақстандық ғалымдардың да еңбектерін жатқызуға болады. Олар ортағасырлық түркілік философиялық ойдың тарихында Қ.А. Ясауи мен С. Бақырғани сияқты А. Йүгнекидің де лайықты орны бар екенін атап көрсетеді.

Әдістер

Мақаланы жазуда негізінен талдау, тарихилық принципі кеңінен қолданылған. Қазіргі рухани жаңғыру кезеңіндегі еліміздің әлеуметтік болмысына ортағасырлық дүниетанымдық ойлардың әсерін анықтау, мәдени сабақтастығын көрсету.

Нәтижесі

Ислам дәуірі әдебиетінің көрнекті өкілі Ахмед Йүгнекидің «Ақиқат сыйы» дастаны өз заманының көкейкесті мәселелерін – ақыл-парасатты, білімділікті, қарапайымдылықты, әдеппен сөйлеуді, кішіпейілділікті, сабырлылықты және т.б. ізгі қасиеттерді этикалық-дидактикалық сарында жырлаған көркем туынды. Діни-этикалық құндылықтар ойшылдың шығармашылығының, дүниетанымының негізгі өзегін құрайды. Ойшыл өз ілімінде адам тағдырына үлкен жауапкершілікпен қарайды. Оның философиялық идеялары гуманизмге толы, келешек ұрпақтың тәлім-тәрбиесіне көп мән береді.

Қай заманның болсын халықтың қамын ойлаған ғұламалары ой-толғаныстарын сөз жүзінде қалдырған. Олардың барлығының этикалық тұжырымдамалары сраңдық пен жомарттық, қатыгездік пен қайырымдылық, ашу мен сабырлылық арасалмағын айқындауға арналады. Осы жұп категориялардың ішкі байланысы Ахмед Йүгнекидің де этикалық-философиялық ойлары арқылы ашылып көрсетіледі. Ғұлама осы қайшылықтардың түпкі шешімін ақиқат заңдылығына жақындата түсетін тұлғалық жетілуден іздейді. Оның ойынша адамдар бір-біріне мейірімді болуға тиіс. Ал мейірімділік пен жомарттық бірлесе сараңдыққа орын қалмайды. Ойшыл «жомарттық», «сараңдық» туралы ұғымдарды салыстырады. Ел ішінде абырой, атақ мәртебеге мейірімді, қайырымды жебеушілер лайықты дейді. Оларда ең бастысы жүрек жылуы бар. Адамдар арасын жақындатушы көпірлердің бірі жомарттық. Жомарттық мінез-құлық өлшемі ғана емес, бүкіл қоғамның имандылығын, адамгершілігін білдіреді. Осы этикалық құндылықтар ойшыл шығармашылығында қарапайым сөзбен былай деп суреттеліпті:

Мал жинап бақыл аш көз дірілдеген,
Күні жоқ бірін ішіп, бірін жеген,
Досына тірісінде дәм татырмай –
Өлген соң жаулары жеп дүрілдеген.

Бүгінгі күні де өзінің мәнін жоймаған мәтін жолдарынан қоғамда ашкөз, надандардың әрқашан жолы болатынын көреміз. Ашкөздік, сараңдық адамды руханилықтан жаттандырып, достарынан алыстататын жаман қасиеттер. Әдиб Ахмед – адам таза болса ол Алланың нұрына бөленетіндігін айтады.

Жалпы түркі дүниетанымы этикасының ең негізгі ұғым-концептерінің бірі – адам өмірінің өнегелі мазмұнының категориялық императиві ретіндегі «адамгершілік» ұғымы. Адамгершілік

адамдар арасында ғана емес, әлеммен, табиғатпен және өзімен өзі қатынас жасағанда да басшылыққа алынуы тиіс.

Ахмед Йүгнекидің діни-этикалық философиясындағы адам мәселесіне зерттеулер жүргізген Қазақстандық философ І. Ерғали адамның қасиеттерін талдай отырып, былай деген «Пенде мен адамның тағы бір айырмашылығы Абай сияқты Ахмед те ақылды мен ақылсыз кісінің арасындағы айырмашылық арқылы көрсетеді. Есті кісі есін шығармай, ақылды қолдан жібермей, бойын сынаптай жүріп ізденеді де, іске кіріседі» [15, 212 б.].

Рухани кемелденудің негізгі жағдаяты адам үшін нәпсіні тиюден басталатындығы сопылық ілімде бастаулардың бастауы ретінде айтылады. Дегенмен нәпсіні тию деген қоғамнан шеттеп қалу емес және дүниенің барлық қиындықтарынан қашу емес, ол ерекше түсініктегі рухани жетілуге ұмтылу. Бірақ қазіргі заманда адамның өмірдегі қойған мақсаты тіршіліктің үлкен нарықтың заңдылығынан шыға алмайтын деңгейіне жеткен десе де болады. Бұл жерде рухани жетілуден гөрі тіршілік үшін күрес басымдау ма деген пікір туындайды. Әрине, әр заманның өзіндік құндылықтар басымдылықтары болады және ол да қатып қалған жүйе емес. Уақыты келгенде өзгеріске ұшырайтын нәрселер қатарына жатады. Бұл да әлеуметтік болмыстың заңдылықтарына жатады. Дегенмен тұрақтылық танытатын, адамдық өмірдің іргетасы болатын рухани құндылықтар болатынын ескеруіміз қажет. Міне, Ахмед Йүгнеки ілімі негізінен осы бағыттарды өрбіген дүние.

Ал құндылықтар әлемі адамды, қоғамды жетілдіру жолына жетелейтіні белгілі. Бірақ адам да, қоғам да кейбір жағдайда алдамшы, жалған құндылықтар әлеміне беріліп кетуі мүмкін. Сондықтан ойшыл Аллаға сенімнің ең биік құндылық екенін айта отырып, бірақ оның өзі адамның білімге деген ұмтылысы арқылы құндылықтардың биігіне жететініне меңзейді [2, 17 б.]. Ахмед Йүгнекидің білімге деген құрметін оның мына жыр жолдарынан білуге болады:

Атақпен білген өтер ірі жүріп,
Білместі «өлген» – дей бер тірі жүріп.
Білгеннің өзі өлгенмен аты өлмейді,
Аты өшер білмегеннің құры жүріп.
Білімді білімсіздің мыңын жеңер,
Ол біліп білім ізін, теңін теңер,
Көр байқап, оқы, сына: білім – пайда,
Білмесең басқа не бар, сенің нең ер?
Біліммен ғылым өсіп, көкке жетер,
Адамды наданшылық төмен етер.
Ерінбе білім іздеп, Расул хақ
«Қәдірле білгендерді» – деп көрсетер [4, 72 б.].

Білімді – аса құнтты, ерінбей үйреніп, жалықпай еңбек еткен адам ғана игереді. Ойшыл-ақын білімсіздікті сүйексіз етке теңейді. Білімсіздікті надандықпен қатар қояды, құнын қара бақырға теңеген. Білімдінің аты өлмейді, ал білімсіз адам тірі жүрсе де оны «өлік», құр жүріп аты өшеді деп дәл болжайды. Қоғамдағы мәселелердің ең маңыздысы ретінде білімнің әр адамның дүниетанымында жинақталуын келтіріп, оны ойшыл үнемі өмір салтының күн тәртібіне қойып отырады. Бұл дүниетанымдық көзқарастан аңғарылатын нәрсе ортағасырлық қоғамдық болмыс үшін шынайы білім жинақтау, дүниенің сыры туралы негіздерді күшейту адам үшін өте өзекті болғанын танытады.

Ахмед Йүгнеки заманындағы діни-этикалық құндылықтарға деген сұраныс ойшылдың шығармашылығынан анық байқалады. Исламдық айшықтарды өзінің философиялық дүниеге көзқарасын пайымдауда шебер пайдалана білуінің өзі ойшылдың өз дәуірінің озық ойлы азаматы болғанын білдіреді. Ахмед Йүгнеки өз ілімінде адам тағдырына үлкен жауапкершілікпен қарайды

және ол үгіттеген философиялық идеялар өзінің терең гуманистігімен, тереңдігімен, халық болашағына деген алаңдаушылығымен ерекшеленеді.

Жоғарғы рухтың терең тамырлары адам үшін әлдеқайда маңыздырақ екенін байқайды, сонымен қатар жай ғана байқап қана қоймайды, соны замандастарына және кейінгі ұрпаққа рухани мұра етуге тырысады. Мәселен, Ахмед Йүгнекидің шығармасында мынандай замандастарына, кең мағынада ұғынатын болсақ ғасырлардан кейін келетін ұрпаққа да арналған сөздер бар:

Ей досым, жаздым кітап түркішелеп,
Мейлің сөк, мейлі қала ерекше елеп.
Артымда ат қалсын деп жаздым мұны
Ғажайып таңсық сөзбен ерекшелеп.
Өнерлеп жаздым кітап сөз түйерлік,
Сан толғап, бірін алдым ел сүйерлік,
Асыл сөз аз болады, қалжың көп қой –
Бөз арзан, шайы қымбат бір киерлік.
Жас ұрпақ тыңда мені, ұғасың көп:
Атымды дұғанда айтып шығасың деп,
Өзіңе сирек сөзді сыйлық еттім,
«Маған да тарту етсін дұғасын», - деп [4, 88 б.].

Осы арнаудан ойшылдың рухани сабақтастыққа деген көзқарасы байқалады және бұл байланыстың тылсымдық астары барына толық сенетіні де байқалады. Дұғаны тарту ету арқылы өткен дүниемен байланыстың сақталатынын Ахмед Йүгнеки толық сеніммен өз шығармасында білдіріп отыр. Бұл түсінік тек орта ғасырларда ғана емес кейінгі кезеңде де өзінің маңыздылығын түркілік мұсылмандар үшін жойған емес. Жалпы Шығыстың мәдениеті осы үрдістерге маңыз бере отырып, даму жолында болған іспетті. Міне осы үрдістер жөнінде көптеген Шығыс мәдениетінің негіздерін зерттеушілердің пікірлері бір жерден түйіседі. Олардың жалпы мазмұны ислам мистикасының, догматтарының қоғамдық-саяси үдеріске тигізген әсерінің зор екендігіне әкеліп саяды. Ислам алдымен түркіліктер ортасында таңдаулылар арасындағы дүниетанымдық жүйеге айналып, ол бірте-бірте кең бұқараға тарап халықтық сипатқа ие болды.

Ахмед Йүгнекидің өзінің түркілік сипатта жазған еңбектерін философиялық тұрғыдан пайымдауға тырыссақ, онда ойшылдың өз заманының өткір мәселелерін жете түсінгенін байқаймыз және оны әлеуметке, баршаға барынша ойлы тілмен жеткізе білген. Ал бұл ойшылдың жеке тұлғасындағы шығыстық даналықтың көрінісі. Сонымен қатар ол өз шығармасында әлеуметтік болмыстың барлық жағынан алғанда субстанциялық кіндігі адамның өзі бола алатындығын айта біледі. Бұл ғұламаның мұсылмандық көзқарастың шеңберін барынша кеңейтуі болып табылады, антропологиялық мәселелерді өз дүниетанымына дінгек ете алуын атай аламыз. Міне осындай қызметі үшін қазіргі ұрпақ, рухани мұраны сараптаушы гуманитарлық сала орта ғасырлық терең ойшылдың даналыққа толы тұжырымдарын құндылығы мол дүние деп есептейді. Табиғаттың мәңгілікпен қайталанатын заңдылығының жаратушысы бар екенін ескере отырып, оның бәрін жәй ғана ауысу, немесе өзгеру екен деп түсінбеу қажет екендігін олардың құдыретті күштің бұл дүниеде көрініс беру екендігіне меңзейді. Бұл құдіретті заңдылықты жоғарғы жаратушы күштер бостан босқа жасай салған жоқ, адам оны Ақиқат сыйы ретінде қабылдауы керек және әрбір сәтінде ұлы көріністің сипаты бар сияқты делінген.

Құдайым (сен үшін) күн мен түнді жаратты,
Кезегімен алмасып, бірінен соң бірі өтіп жатады.
Күніңді кетіріп қараңғы түн етеді.
Күніңді кетіріп қайтадан жарық етеді, - деп пайымдайды.

Ахмед Йүгнекидің дүниетанымы жоғарыдағы тұжырымдардан діни онтологияға негізделгенін байқаймыз, яғни біртұтас Ғаламды, дүниені жасаушы да, жаратушы бір құдірет күш бар екенін мойындап, оның Абсолюттік қасиетіне мойынсұну қажет екендігін тұжырымдайды. Бұған күмәндану, шек келтіру жөнсіз және мардымды нәрсе емес екендігіне мезейді. Тіпті, ондай әрекеттер түбінде адамды күнәға батыруымүмкін екенін де ескертеді. Адам өзінің әрбір қимылын, қадамын осы үлкен үйлесімділікке сай жасағанын қалайды және осы заңдылықтың сырын біліп тұрып, оны бұзуға тырыссақ, онда «пенде ретінде сен күнәға батасың» дегендей өзінің айтулы шығармасындағы тұжырымдар [1, 197 б.].

Ахмед Йүгнеки адамның Аллаға қатынасын жөнді қалыптастырмай бұл дүниеде рухани әлемді үйлесімді танып-білу, түсіну мүмкін емес екендігін ескертеді. Өйткені, Құдай ең жоғарғы мәнділік ретінде, - ойшылдың пайымдауынша, «ақылдың, сана-сезімнің, парасаттың қоймасы, білім бұлағы мен жақсылықтың (таусылмайтын) кені». Яғни, бұл дүниенің Жарық нұры үнемі адамға төгіліп тұрады. Ал адам болса осы жақсылықтың бәрінің қадірін білмеуі мүмкін. Адам қателеседі, сүрінеді, тіпті, саналы әрекеттерінің арқасында күнәға да батады. Бірақ, барлық жаңылысулар мен адасулардың бәрін жөнге салушы құдіретті күш бар дей келіп, соған сендіруді түркілік ойшыл өзінің шығармасында өзіне рухани міндет етіп қойған. Міне, осы терең мағынасы бар талпыныстың бірлігі философиялық дүниетаным ретінде көрініс беріп отыр.

Қорытынды

Ахмед Йүгнеки – ақын, философ, сөз шебері, қоғам қайраткері, ақиқаттың мәнін анықтауға өмірін сарп еткен жан. Өзінің жеке өміріндегі шектеулі мүмкіндіктерге қарамай, ойшылдың дүниетанымдық құрылымын лайықты деңгейде әлеуметке жеткізе білуі рухани ерліктің белгісіндей қадам болатын. Руханилыққа адам өз ғұмырында «ерте ме, кеш пе, әйтеуір келуі тиіс» дегені ойшылдың таза қисынды тұжырымы деген ойда ғалымдар [2]. Өйткені, әлемді құтқаратын күш адамның өзінің ішінде жатыр. Мәселе тек соның тетігін тауып, жалықпастан, қажымастан, шыдамдылықпен іске қосу керек. Адам өз болмысын жете білуге, кемшіліктерін батыл айқындауға ұмтылуы тиіс. Тек өз қателіктерін жөндеген адам ғана өз ғұмырында елеулі бір рухани жетістіктерге жете алады. «Ақиқат сыйы» дастаны өз заманының көкейкесті мәселелерін жырға арқау еткен, көркемдік дәрежесі биік, дидактикалық сарында жазылған, бүгінгі түркі тілдес халықтардың бәріне бірдей ортақ әдеби мұра болып табылады. Түркі әлемінің мәдениетіне ұланғайыр үлес қосқан Ахмед Йүгнекидің рухани мұрасы еліміздің ғана емес сонымен қатар түркі әлемінің әдебиет тарихында да лайықты орын алатыны анық.

Пайдаланған әдебиеттер тізімі

1. Қазақ философиясы тарихы (ежелгі дәуірден қазіргі заманға дейін) Қазақ философиясының қалыптасуы: ежелгі түркілік дәуір / З.К. Шәукенова және С.Е. Нұрмұратовтың жалпы редакциясымен. – Алматы: ҚР БҒМ ҒК Философия, саясаттану және дінтану институты, 2014. – 400 б.
2. Аймұратов С.Б. Ахмед Йүгнекидің дүниетанымы. Автореферат / С.Б. Аймұратов. – Алматы: Компьютерно-издательский центр, 2005. – 34 б.
3. Әдеби жәдігерлер. Жиырма томдық. 6-т: Қожа Ахмет Иасауи. Даналық кітабы. Ахмет Йүгнеки. Ақиқат сыйы / Құраст.: А. Әлібекұлы, С. Дәуітұлы, Б. Сағындықұлы. – Алматы: «Таймас» баспа үйі, 2008. – 488 б.
4. Бертельс Е.Э. Литература народов Средней Азии // Новый мир. - 1939. - №6,7.
5. Бертельс Е.Э. Хибат-ал-хақик Ахмада Югнаки // Труды САГУ, новая серия. - вып. 3. Гуманитарные науки. – Ташкент. 1945.
6. Малов С.Е. Подарок истин // Памятники древнетюркской письменности.
7. Наджип Э.Н. Тюркоязычный памятник XIV века «Гулистан» Сейфа Сарай и его язык. – Алма-Ата, 1975.
8. Щербак А.М. Грамматический очерк языка тюркских текстов X-XIII вв. из Восточного Туркестана. – Москва, 1961.

9. Маллаев Н.М. Ахмад Югнакий. 1-кітаб. – Тошкент: Узбек адабиети тарихи, 1963.
10. Муталлибов С. «Хибатул-хақойик». – Тошкент: Узбек адабиети, 1972.
11. Махмудов К. Ахмад Югнакийнинг «Хибатул хақайик» асари хақида. – Тошкент, 1972.
12. Ҳүгінеки А. Ақиқат сыйы: Түпнұсқаның фотокөшірмесі, транскрипциясы, прозалық және поэтикалық аудармасы. – Алматы: Ғылым, 1985. – 152 б.
13. Орынбеков М.С. Духовная консолидация казахского народа. – Алматы, 2002. – 274 с.
14. Молдабеков Ж.Ж. Қазақтану. – Алматы: Қазақ университеті, 2003. – 459 б.
15. Ерғали І.Е. Ахмед Ҳүгінекидің философиясындағы адам әлемі // Қазақ даласының ойшылдары (XIII-XV ғ.ғ.) 2-кітап. – Алматы: Философия және саясаттану институтының компьютерлік-баспа орталығы, 2001. – 196 б.

References

1. Kazak filosofiyasy tarihy (ezhelgi dauirden kazirgi zamanga deini) Kazak filosofiyasynyn kalyptasuy: ezhelgi turkilik dauir / Z.K. Shaukenova jane S.E. Nurmuratovtyn jalpy redakciyasymen. – Almaty: KR BGM GK Filosofiya, sayasattanu jane dintanu instituty, 2014. – 400 b.
2. Aimuratov S.B. Ahmed Iugnekidin dunietanymy. Avtoreferat / S.B. Aimuratov. – Almaty: Komputerno-izdatelski centr, 2005. – 34 b.
3. Adebı jadigerler. Jiyırma tomdyk. 6 tom. Kojah Ahmed Yasauı. «Danalyk kitaby». Ahmed Iugneki. «Akikat syiy». / Kurast.: A. Alibekuly, S. Daituly, B. Sagyndykuly. – Almaty: «Taimas» baspauı, 2018. – 488 b.
4. Bertels E. Literatura narodov Srednei Azii. – Novyi mir. - 1939. - № 6,7,
5. Bertels E. Hibat-al-hakaik Ahmada Iugnaki // Trudy SAGU, novaya seriya, vyp. 3. Gumanitarnye nauki, – Tashkent. 1945.
6. Malov S.E. Podarok istin // Pamyatniki drevnetyurkskoi pismennosti.
7. Nadjip E.N. Tyurkoyazychnyi pamyatnik XIV veka «Gulistan» Seifa Sarai i ego yazyk. – Alma-Ata, 1975.
8. Sherbak A.M. Grammaticheskii ocherk yazyka tyurkskih tekstov X-XIII vv. iz Vostochnogo Turkestana. – Moskva, 1961.
9. Mallaev N.M. Ahmad Iugnaki. 1-kitab. – Toshkent: Uzbek adabietı tarihi, 1963.
10. Mutallibov S. «Hibatul-hakoiik». - Toshkent: Uzbek adabietı, 1972.
11. Mahmudov K. Ahmad Iugnakinıng «Hibatul-hakoiik» asari hakida. – Toshkent, 1972.
12. Ahmed Iugneki. Akikat syiy. Tupnuskanyn fotokoshirmesi, transkripciyasy, prozalyk jane poetikalyk audarmasy. – Almaty: Gylym, 1985. – 152 b.
13. Orynbekov M.S. Duhovnaya konsolidaciya kazahskogo naroda. – Almaty, 2002. – 274 s.
14. Moldabekov Zh. Kazaktanı. – Almaty: Kazak universiteti, 2003. – 459 b.
15. Ergali I.E. Ahmed Iugnekidin filosofiyasyndagy adam alemi // Kazak dalasynyn oishyldary (XIII-XV ғ.ғ.) 2-kitap. – Almaty: Filosofiyajane sayasattanu institutynyn komputerlik-baspa ortalygy, 2001. – 196 b.

МАЗМҰНЫ

Алпысбаева Қ.Б., Оралбек А. ЕР САЙЫН ЖЫРЫНЫҢ ЖИНАЛУ ТАРИХЫ.....	5
Альжаппарова Б.К. ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОНЫС АУДАРУ ТАРИХЫНАН (1920-ЖЖ. АЯҒЫ – 1930 ЖЖ. БАСЫ.).....	13
Альжаппарова Б.К. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ «ПРОДРАЗВЕРСТКАЛАР» САЯСАТТЫҢ ЖҮЗЕГЕ АСЫРУДЫҢ ӘЛЕУМЕТТІК-ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЛДАРЛАРЫ (1918-1921).....	24
Әділжанов Н.Б. Н.Ә. НАЗАРБАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ ДЕМОКРАТИЯЛЫҚ ҚОҒАМ НЕГІЗІН САЛУДАҒЫ РӨЛІ..	32
Әминов Т. ДӘУЛЕТКЕРЕЙ ШЫҒАЙҰЛЫ (1820–1877) – КҮЙШІ, ДАРЫНДЫ КОМПОЗИТОР, ҰЛТТЫҚ КҮЙ ӨНЕРІНІҢ НЕГІЗІН САЛУШЫЛАРЫНЫҢ БІРІ.....	41
Әпендиев Т.Ә., Қоңқабаева А.Н. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАРАҚАЛПАҚТАР: ТАРИХЫ МЕН МӘДЕНИЕТІ.....	56
Базарбаева Ғ.А., Жұмабекова Ғ.С. БАҚСЫ, АБЫЗ, ХАНШАЙЫМ? (Сақ дәуірі әйелінің мәртебесін зерттеу).....	68
Далаева Т.Т. МАРАПАТТАУДАН ШЕН АЛУҒА ДЕЙІН: РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНДА ҚАЗАҚТАРДЫҢ ӘСКЕРИ ШЕН АЛУ МЕХАНИЗМІ (XIX Ғ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫ).....	76
Жансүгірова Л.Б., Қағыбатқызы Н., Самашев З.С., Бекманов Б.О. ЕЛЕКЕ САЗЫ ҚОРЫМЫНАН ТАБЫЛҒАН ЕРТЕ КЕЗЕҢГЕ ЖАТАТЫН СҮЙЕК ҚАЛДЫҚТАРЫНЫҢ ГАПЛОТОПТАРЫН АНЫҚТАУ.....	86
Еришева Т.А. АТАТҮРІК БИЛІГІ КЕЗІНДЕГІ ТҮРКИЯДАҒЫ ЖӘНЕ ПОСТКЕҢЕСТІК ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ТАРИХИ ЖАДЫ МЕН ҰЛТТЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУЛАР САБАҚТАСТЫҒЫ.....	94
Жайлыбаев Д.Ж. ТҮРКІСТАН ОБЛЫСЫНАН СОЛТҮСТІККЕ ҚОНЫС АУДАРУ ҮРДІСТЕРІ.....	100
Жолдыбаев О.М. КЕНЕСАРЫ-НАУРЫЗБАЙ: ТАРИХЫ МЕН ФОЛЬКЛОРЫ.....	105
Жуманова А.З. XX ҒАСЫРДЫҢ БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ КЕҢЕС ҮКІМЕТІНІҢ ТІЛ САЯСАТЫ.....	112
Кабдушев Б.Ж. НҰРМАҚОВ - ТҮРКСІБКЕ ҚОЛДАУ КОМИТЕТІНІҢ ТӨРАҒАСЫ.....	123
Камалов А.К., Ужкенов Е.М. ТАҢДАУ ЖӘНЕ ТАРИХ (А.А. Галиевтің 60 жылдығына орай).....	132
Мұхитов Қ. КАСПИЙ ҚҰБЫР КОНСОРЦИУМЫНЫҢ ҚҰРЫЛУ ТАРИХЫ.....	138
Мырзабекова Р.С. АЛҒАШҚЫ УНИВЕРСИТЕТТЕРДІҢ ПАЙДА БОЛУЫ МЕН ӨЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ.....	145
Мырзабекова Р.С. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЕУРОПА МӘДЕНИЕТІНДЕГІ ҚАЛАНЫҢ ОРНЫ.....	154
Мырзатаева З.Б. ҚАРАТАУДЫ ГЕОЛОГИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУ ТАРИХЫНАН. XVIII – XIX ҒҒ.....	161
Ноғайбаева М.С., Тоқсанбаев А.К. КӨШПЕЛІ ҚОҒАМДАҒЫ БИЛЕУШІ БЕЙНЕСІНІҢ АҢЫЗ-ЕРТЕГІЛЕРДЕГІ КӨРІНІСІ.....	174
Опабекова Ғ.П. АХМЕД ЙҮГНЕКИДІҢ ДҮНИЕТАНЫМЫ.....	181

Ошан Ж.	
ТҮМЕН, МӨДЕ БАСТАҒАН ҒҰН ШАНЬЮЙЛЕРІНЕ ҚАТЫСТЫ ДЕРЕКТЕРДІ ЗЕРТТЕУДЕ КӨҢІЛ БӨЛЕТІН ТҮЙТКІЛДЕР.....	189
Сәкен С.И.	
ЕДІГЕ ТУРАЛЫ ЖЫР-АҢЫЗДАР ЖӘНЕ ТАРИХИ ШЫНДЫҚ.....	193
Тасилова Н.А., Жаппасов Ж.Е.	
ТӘУЕКЕЛ ХАННЫҢ ҚАЗАҚ МЕМЛЕКЕТІ МЕН ОРЫС ЕЛІ АРАСЫНДАҒЫ ДИПЛОМАТИЯЛЫҚ БАЙЛАНЫСТАРДЫ НЫҒАЙТУДАҒЫ РӨЛІ.....	206
Төлеубаев Ә.Т.	
ГЕРАДОТТЫҢ СКИФТЕР ЖӨНІНДЕГІ ЕҢБЕГІ БОЙЫНША ЖАСАЛҒАН КЕЙБІР ТАРИХИ-МӘДЕНИ ТҰЖЫРЫМДАР МЕН МӘДЕНИ-ГЕНЕТИКАЛЫҚ ПАРАЛЛЕЛДЕР.....	217
Төлеубаев Ә.Т.	
САҚ-СКИФТЕР МЕН ҚАЗАҚТАРДЫҢ МӘЙІТТІ ЖЕРЛЕУ ЖӘНЕ ЖӨНЕЛТУ РӘСІМДЕРІНДЕГІ ҰҚСАСТЫҚТАРЫ.....	226
Шілдебай С.Қ.	
ШЫҒЫС ТҮРКІСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖӘНЕ ОСПАН БАТЫР.....	238
Шілдебай С.Қ.	
ТҰРАР РЫСҚҰЛОВТЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚЫЗМЕТІ.....	247

СОДЕРЖАНИЕ

Алпысбаева Қ.Б., Оралбек А. ИСТОРИЯ СОБИРАНИЯ ЭПОСА «ЕР САЙЫН».....	5
Альжаппарова Б.К. ОРТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚОНЫС АУДАРУ ТАРИХЫНАН (1920-ЖЖ. АЯҒЫ – 1930 ЖЖ. БАСЫ.).....	13
Альжаппарова Б.К. СОЦИАЛЬНО-ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ПОСЛЕДСТВИЯ РЕАЛИЗАЦИИ ПОЛИТИКИ «ПРОДРАЗВЕРСТОК» В КАЗАХСТАНЕ (1918-1921 гг.).....	24
Адилжанов Н.Б. РОЛЬ Н.А. НАЗАРБАЕВА В ОСНОВАНИИ КАЗАХСТАНСКОГО ДЕМОКРАТИЧЕСКОГО ОБЩЕСТВА.....	32
Аминов Т. ДАУЛЕТКЕРЕЙ ШЫҒАЙУЛЫ (1820–1877) – ЗНАМЕНИТЫЙ КАЗАХСКИЙ КЮЙШИ, ТАЛАНТЛИВЫЙ КОМПОЗИТОР, ОДИН ИЗ ОСНОВОПОЛОЖНИКОВ НАЦИОНАЛЬНОГО ИСКУССТВА ИСПОЛНЕНИЯ КЮЕВ.....	41
Апендиев Т.А., Конкабаева А.Н. ИСТОРИЯ И КУЛЬТУРА КАРАКАЛПАКОВ В КАЗАХСТАНЕ.....	56
Базарбаева Ғ.А., Жұмабекова Г.С. ШАМАНКА, ЖРИЦА, ПРИНЦЕССА? (К изучению статуса женщины сакской эпохи).....	68
Далаева Т.Т. ОТ ПОЖАЛОВАНИЯ К ПРОИЗВОДСТВУ: МЕХАНИЗМ ПОЛУЧЕНИЯ ВОЕННОГО ЧИНА КАЗАХАМИ В РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ (ПЕРВ. ПОЛ. XIX В.).....	76
Джансугурова Л.Б., Кагыбаткызы Н., Самашев З.С., Бекманов Б.О. АНАЛИЗ ОТЦОВСКИХ И МАТЕРИНСКИХ ЛИНИЙ ДРЕВНИХ ОБЪЕКТОВ ИЗ НЕКРОПОЛЯ ЕЛЕКЕ САЗЫ.....	86
Еришева Т.А. ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ РЕФОРМ, НАПРАВЛЕННЫХ НА МОДЕРНИЗАЦИЮ ИСТОРИЧЕСКОЙ ПАМЯТИ И НАЦИОНАЛЬНОГО САМОСОЗНАНИЯ В ТУРЦИИ В ПЕРИОД ПРАВЛЕНИЯ АТАТЮРКА И ПОСТСОВЕТСКОМ КАЗАХСТАНЕ.....	94
Жайлыбаев Д.Ж. ПРОЦЕССЫ ПЕРЕСЕЛЕНИЯ ИЗ ТУРКЕСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ НА СЕВЕР.....	100
Жолдыбаев О.М. ИСТОРИЯ И ФОЛЬКЛОР ОБ ЭПОСЕ «КЕНЕСАРЫ – НАУРЫЗБАЙ».....	105
Жуманова А.З. ЯЗЫКОВАЯ ПОЛИТИКА СОВЕТСКОГО ПРАВИТЕЛЬСТВА В ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ XX ВЕКА.....	112
Кабдушев Б.Ж. НЫГМЕТ НУРМАКОВ - ПРЕДСЕДАТЕЛЬ КОМИТЕТА ПО СОДЕЙСТВИЮ СТРОИТЕЛЬСТВУ ТУРКСИБА.....	123
Камалов А.К., Ужкенов Е.М. ЗНАК И ИСТОРИЯ (К 60-ЛЕТИЮ А.А. ГАЛИЕВА).....	132
Мухитов К. ИСТОРИЯ СТРОИТЕЛЬСТВА КТК.....	138
Мырзабекова Р.С. ВОЗНИКНОВЕНИЕ ПЕРВЫХ УНИВЕРСИТЕТОВ В ЕВРОПЕ И ЕГО ОСОБЕННОСТИ.....	145
Мырзабекова Р.С. РОЛЬ ГОРОДА В СРЕДНЕВЕКОВОЙ ЕВРОПЕЙСКОЙ КУЛЬТУРЕ.....	154

Мырзатаева З.Б.	
ИСТОРИЯ ГЕОЛОГИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ КАРАТАУ. XVIII – XIX вв.....	161
Ногайбаева М.С., Токсанбаев А.К.	
ОБРАЗ ПРАВИТЕЛЯ В ЛЕГЕНДАХ И СКАЗКАХ В КОЧЕВОМ ОБЩЕСТВЕ.....	174
Опабекова Г.П.	
МИРОВОЗЗРЕНИЕ АХМЕДА ЙҮГНЕКИ.....	181
Ошан Ж.	
ГЛАВНЫЕ ВОПРОСЫ В ИССЛЕДОВАНИИ ТЕКСТОЛОГИИ КАСАЮЩИХСЯ ИСТОЧНИКОВ О ТОУМАНЬ, МОДЭ И ДРУГИХ ГУННСКИХ ШАНЬЮ.....	189
Сакен С.И.	
ПОЭМЫ О ЕДИГЕ-ЛЕГЕНДЫ И ИСТОРИЧЕСКАЯ ПРАВДА.....	193
Тасилова Н.А., Жаппасов Ж.Е.	
РОЛЬ ТАУЕКЕЛ ХАНА В УКРЕПЛЕНИИ ДИПЛОМАТИЧЕСКИХ ОТНОШЕНИЙ МЕЖДУ КАЗАХСКИМ ХАНСТВОМ И РУССКИМ ГОСУДАРСТВОМ.....	206
Толеубаев А.Т.	
НЕКОТОРЫЕ ИСТОРИКО-КУЛЬТУРНЫЕ ВЫВОДЫ И КУЛЬТУРОГЕНЕТИЧЕСКИЕ ПАРАЛЛЕЛИ ПО ГЕРОДОТОВЫМ РАССКАЗАМ О СКИФАХ.....	217
Толеубаев А.Т.	
САКО-СКИФСКИЕ И КАЗАХСКИЕ ПАРАЛЛЕЛИ В ПОХОРОННО-ПОМИНАЛЬНЫХ ОБЫЧАЯХ...226	
Шилдебай С.К.	
ВОСТОЧНО-ТУРКЕСТАНСКАЯ РЕСПУБЛИКА И ОСПАН БАТЫР.....	238
Шилдебай С.К.	
ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ ТУРАРА РЫСКУЛОВА В КАЗАХСТАНЕ.....	247

CONTENTS

Alpysbaeva K.B., Oralbek A. HISTORY OF COLLECTING THE VERSIONS OF "YER SAIYN" EPIC.....	5
Alzhapparova B.K. SOCIO-ECONOMIC CONSEQUENCES OF THE SURPLUS-APPROPRIATION SYSTEM IMPLEMENTATION IN KAZAKHSTAN (1918-1921).....	13
Alzhapparova B.K. SOCIO-ECONOMIC CONSEQUENCES OF THE SURPLUS-APPROPRIATION SYSTEM IMPLEMENTATION IN KAZAKHSTAN (1918-1921).....	24
Adilzhanov N.B. THE ROLE OF N.A. NAZARBAYEV IN THE FOUNDATION OF THE KAZAKHSTANI DEMOCRATIC SOCIETY.....	32
Aminov T. DUULETKERY SHYGAYULY (1820–1877) – THE FAMOUS KAZAKH KÜYŞİ, TALENTED COMPOSER, ONE OF THE FOUNDERS OF NATIONAL KÜYARTS.....	41
Apendiyev T., Konkabayeva A. KARAKALPAKS IN KAZAKHSTAN: HISTORY AND CULTURE.....	56
Bazarbayeva G.A., Jumabekova G.S. SHAMANESS, PRIESTESS, PRINCESS? (ON THE STUDIES OF THE STATUS OF WOMEN IN THE SAKA ERA).....	68
Dalayeva T.T. FROM GRANTING THE RANK TO PROMOTION: MECHANISM OF MILITARY RANK OBTAINING BY KAZAKHS IN THE RUSSIAN EMPIRE (1-ST HALF OF THE XIX CENTURY).....	76
Djansugurova L., Kahbatkyzy N., Samashev Z., Bekmanov B. THE ANALYSIS OF PATERNAL AND MATERNAL LINES OF ANCIENT OBJECTS FROM ELEKE SAZY NECROPOLIS.....	86
Yerisheva T.A. THE CONTINUITY OF REFORMS AIMED AT MODERNIZATION OF HISTORICAL MEMORY AND NATIONAL CONSCIOUSNESS IN TURKEY DURING THE REIGN OF ATATURK AND POST-SOVIET KAZAKHSTAN.....	94
Zhailybayev D. THE PROCESSES OF RESETTLEMENT FROM TURKESTAN REGION TO THE NORTH.....	100
Zholdybayev O.M. “KENESSARY-NAURYZBAY”: HISTORY AND FOLCLORE.....	105
Zhumanova A. LANGUAGE POLICY OF THE SOVIET GOVERNMENT IN THE FIRST HALF OF THE XX CENTURY.....	112
Kabdyshev B.Zh. NYGMET NURMAKOV - CHAIRMAN OF THE COMMITTEE FOR THE ASSISTANCE OF TURKSIB CONSTRUCTION.....	123
Kamalov A.K., Uzhkenov E.M. SIGN AND HISTORY (to the 60th anniversary of A.A. Galiyev).....	132
Mukhitov K. THE HISTORY OF THE CASPIAN PIPELINE CONSORTIUM CONSTRUCTION.....	138
Myrzabekova R.S. EMERGENCE OF FIRST UNIVERSITIES IN EUROPE AND ITS PECULIARITIES.....	145

Myrzabekova R.S. ROLE OF THE CITY IN MEDIEVAL EUROPEAN CULTURE.....	154
Myrzatayeva Z.B. HISTORY OF GEOLOGICAL RESEARCH OF KARATAU. XVIII – XIX.....	161
Nogaybaeva M.S., Toksanbaev A.K. THE IMAGE OF GOVERNOR IN TALES AND LEGENDS IN NOMADIC SOCIETY.....	174
Opabekova G.P. THE WORLD OUTLOOK OF AHMED IUGNEKI.....	181
Oshan Zh. MAJOR ISSUES IN RESEARCH OF TEXTOLOGY CONCERNING THE SOURCES ABOUT TUMAN, MODE AND OTHER HUNG SHANU.....	189
Saken S.I. THE POEM ABOUT EDDIE-LEGENDS AND HISTORICAL TRUTH.....	193
Tasilova N.A., Zhappasov Zh.E. THE ROLE OF KHAN'S TOWEKEL IN STRENGTHENING DIPLOMATIC RELATIONS BETWEEN THE KAZAKH KHANISM AND THE RUSSIAN STATE.....	206
Toleubayev A.T. THE HISTORICAL AND CULTURAL CONCEPTS AND CULTURAL-GENETIC PARALLELS ACCORDING TO GERDOT'S RESEARCHES ABOUT SCYTHIAN.....	217
Toleubayev A.T. THE SIMILARITIES OF THE SAKA-SCYTHIANS AND KAZAKHS IN BURIAL AND FUNERAL PROCEDURES.....	226
Shildebay S. EASTERN TURKESTAN REPUBLIC AND OSPAN BATYR.....	238
Shildebay S. THE ACTIVITIES OF TOURAR RYSKULOV IN KAZAKHSTAN.....	247

EDU.E-HISTORY.KZ

электрондық ғылыми журналы 2019. 3(19)

Бас редактор:
Қабылдинов З.Е.

Компьютерде беттеген:
Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 30.09.2019.
Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

Құрылтайшысы және баспагері:
Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМК

Редакция мен баспаның мекен-жайы:
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй
ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты
ШЖҚ РМКТел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

Е-mail: edu.history@bk.ru.
Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:
050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй